

"Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 354 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 338 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 14 желтоқсанда № 21780 болып тіркелді. Бұйрық 2020 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда қолданыста болды.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрықтың қолданыста болу мерзімі - 31.12.2020 дейін (осы бұйрықтың 4 т. қараңыз).

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 35-бабының 5-тармағына және "Мәдениет туралы" 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 35-7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 354 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12608 тіркелген, 2016 жылғы 18 қаңтарда "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларында:

1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Экономика және қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2)

тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2020 жылғы 13 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда қолданыста болады және ресми жариялауға тиіс.

Министрдің міндетін атқарушы

Н. Дауешов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Министрдің міндетін атқарушы

2020 жылғы 11 желтоқсандағы

№ 338 Бұйрыққа

қосымша

Мемлекеттік театрларға,

концерттік ұйымдарға,

мәдени-демалыс ұйымдарына,

музейлерге және цирктерге

субсидиялар төлеу

қағидаларына

1-қосымша

Республикалық театрлар, концерттік ұйымдардың және музейлердің залалын өтеуге арналған субсидиялардың мөлшері

Р/с №	Республикалық бюджеттен субсидия мөлшері (пайыз %)	Ұйымдар атауы
1	2	3
1.	96 %	"Астана Опера" мемлекеттік опера және балет театры" КЕАҚ
2.	94 %	"Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры" РМҚК
3.	94 %	"М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры" РМҚК
4.	85 %	"М. Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры" РМҚК
5.	96 %	"Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" РМҚК
6.	91 %	"Н. Сац атындағы Орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" РМҚК
7.	100 %	"Республикалық мемлекеттік корей музыкалық комедия театры" РМҚК

8.	100 %	"Құдыс Қожамиров атындағы республикалық мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театры" РМҚК
9.	96 %	"Республикалық неміс драма театры" РМҚК
10.	99 %	"Қазақстан Республикасының "Салтанат" мемлекеттік би ансамблі" РМҚК
11.	99 %	"Қазақстан Республикасының мемлекеттік академиялық би театры" РМҚК
12.	98 %	"Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы" РМҚК
13.	99 %	"Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрі" РМҚК
14.	97 %	"Қазақстан Камератасы" классикалық музыка ансамблі" РМҚК
15.	99 %	"Қазақконцерт" мемлекеттік концерттік ұйымы" РМҚК
16.	100 %	"Қ. Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры" РМҚК
17.	99 %	"Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық музейі" РМҚК
18.	96 %	"Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі" РМҚК
19.	90 %	"Сирек кездесетін қияқты саз аспаптарының мемлекеттік коллекциясы" РМҚК
20.	98 %	"Мәдениеттерді жақындастыру орталығы" мемлекеттік музейі" РМҚК
21.	99 %	"Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығы" РМҚК
22.	99 %	"Берел" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі" РМҚК
23.	98 %	"Есік" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі" РМҚК
24.	99 %	"Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі" РМҚК
25.	96 %	"Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі" РМҚК
26.	95 %	"Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі" РМҚК
27.	100 %	"Абайдың "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі" РМҚК
28.	97 %	"Ежелгі Тараз ескерткіштері" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі" РМҚК
29.	99 %	"Таңбалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі" РМҚК
30.	100 %	"Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі" РМҚК
31.	100 %	"Бейбітшілік және келісім музейі" РМҚК
32.	100 %	"Бозок" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК
33.	100 %	"Ботай" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК
34.	100 %	"Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК